Сыр бойы

№17 (20691)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

1 ақпан, бейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРДЕ ӨСІМ БАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.

Президентке компанияның 2023 жылғы операциялық және қаржылық қызметінің қорытындысы туралы есеп берілді. Берілген мәліметтерге сәйкес, былтыр «ҚазМұнайГаз» 2022 жылмен салыстырғанда негізгі өндірістік көрсеткіштер бойынша өсімге қол жеткізген.

Сондай-ақ Қазақстан мұнайының экспорттық бағыттарын дамыту ісі жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, Германияға және Әзербайжан бағытына «Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбыры арқылы шикізат жеткізіле бастады. Сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктеріндегі серіктестермен бірлесіп, танкер флотын кеңейту жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар Мағзұм Мырзағалиев Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы «Қаламқас-Теңіз, Хазар, Әуезов» теңіз жобасы мен ұлттық компанияның геологиялық барлау бағдарламасының қалай жүріп жатқанын жеткізді.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа «ҚазМұнайГаз» компаниясының кәсіпорындары орналасқан өңірлерде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобалар туралы айтылды. Мәселен, Президентке «Астрахан-Маңғышлақ» магистральді су құбырын қайта жаңғырту жобасының аяқталғаны (I кезең) және Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының қажеттілігі үшін жаңа су тұшыту зауытының құрылысы басталғаны жөнінде баяндалды.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ ҚОСУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Байбазаровты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа холдингтің 2023 жылғы қызметінің нәтижесі, соның ішінде кәсіпкерлік пен агроөнеркәсіп кешеніне қолдау көрсету, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары жөнінде есеп берілді. Былтыр холдинг активінің өсімі 12 пайыз болғаны туралы баяндалды. Компаниялар тобының инвестициялық және кредиттік портфелі 10 пайызға артқан. Ал таза табысы 7 пайызға жетіп, 400 миллиард теңгеден асқан.

Мемлекет басшысына былтыр холдинг арқылы 2 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілгені жөнінде баяндалды. Тұрғын үй секторына 317,6 миллиард теңге инвестиция салынған. «Отбасы банк» акционерлік қоғамының ипотекалық бағдарламалары аясында жалпы сомасы 1 триллион теңгеден астам қарыз берілді.

Кездесуде холдингтің 2024 жылға арналған бастамалары туралы айтылды. Оның ішінде агроөнеркәсіп кешені жобаларына 370 миллиард теңге инвестиция құю және 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу, өңдеу өнеркәсібін, туристік саланы қаржыландыру, қалдықтарды қайта өңдейтін және сұрыптайтын зауыттар салу, «9-20-25» тұрғын үй бағдарламасын іске қосу сияқты шаралар бар.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Бәйтерек» холдингінің бастамаларын жүзеге асыру нәтижесінде оның ел экономикасына қосатын үлесі жыл соңына қарай 2022 жылмен салыстырғанда екі есе артатыны жайында баяндалды.

Мемлекет басшысы экономикалық өсім мен халықтың тұрмыс сапасын жақсарту үшін жаңа бағдарламаларды іске қосу және кешенді тәсілдерді қолдану маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар холдингтің экономиканы әртараптандыру және стратегиялық мәні зор салаларды дамыту бағытындағы жұмысын жандандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

СЕССИЯ

БІРҚАТАР ШЕШІМГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Сейсенбіде облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамовтың жетекшілігімен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 10-сессиясы өтті. Оған депутаттар, басқарма басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Алғашқысы «Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №179 шешіміне өзгерістер енгізу туралы болды. Сондай-ақ облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаевтың депутаттық өкілеттігі туралы қаралды. Аталған екі мәселе жөнінде облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов хабарлама жасады.

Облыстағы №4, №5, №8, №10 округтегі азаматтардың басқа қызметке ауысуына, сондай-ақ сайлау учаскелерінің құрамына енуіне және аудандық сайлау комиссиясына мүше болуына байланысты Байқоңыр қаласында, Қармақшы, Шиелі, Жаңақорған аудандарында 9 азаматты округтік сайлау учаскелерінің құрамынан шығару жөнінде ұсыныс берілді.

Аталған азаматтар өз өкілеттерін тоқтатса, сайлау комиссиясы әр ауданға ұсыныс жолдап, сайлау округтеріндегі мүшелер, азаматтар, партиялар, үкіметтік емес ұйымдар өздерінің азаматтарын ұсынады. Одан кейін 2 ай мерзімінде толық сайлау өткізіледі.

Ал екінші мәселеге орай, Қызылорда қаласындағы №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты Аманжол Оңғарбаевтың 22 қаңтар күні Арал ауданының әкімі қызметіне тағайындалуына байланысты депутат ретінде өкілеттігін тоқтату жөнінде ұсыныс берілді.

Сондай-ақ ҚР Сайлау туралы конституциялық Заңына сәйкес, шығып қалған депутаттардың орындарына жылына 2 рет сайлау тағайындалады. Маңызды науқан наурыз және қазан айларының соңғы жексенбісіне белгіленеді.

«СБ» ақпарат

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

СУ РЕСУРСТАРЫ: ҮНЕМ МЕН ОЗЫҚ ТӘСІЛ ЕҢБЕКТІ ІЛГЕРІЛЕТПЕК

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы, шағын және орта бизнесті қолдау шаралары талқыланды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің айтуынша, құжат саладағы қазіргі ахуалды және үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленген. Еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 20 жаңа су қоймасын салу және 15 жұмыс істеп тұрған су қоймасын реконструкциялау, сондай-ақ 14 мың шақырымнан астам ирригациялық каналдар мен гидротехникалық құрылыстарды жаңғырту көзделіп отыр.

Жиынға селекторлық режимде қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысына суды үнемдеу жұмыстары туралы баяндады.

– Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын қолдаймыз. Аймақта су тапшылығына байланысты биыл күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 12%-ға немесе 5 мың гектарға қысқарады. Бұл бағытта ауыл шаруашылығы құрылымдарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Егістікті әртараптандыруға басымдық беріліп, атыздар лазерлік тегістелуде. Бүгінде күріш алқаптарының 55 пайызы тегістелген, осы жылы бұл көрсеткішті 68 пайызға жеткіземіз. Тәжірибе көрсеткендей, лазерлік тегістелген жерде суды 15 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік бар. Бұдан бөлек, күріштің қысқа мерзімде пісіп-жетілетін, өнімділігі жоғары жаңа сорттары өндіріске енгізілуде.

Қазір Украина ғалымдарымен бірлесіп, күріштің «Виконт», «Премиум», «Маршал» сорттары жергілікті ауа райына бейімделіп, аудандастырылуда.

Өткен жылы Ресейдің «Яхонт», «Патриот» жаңа сорттары тәжірибе ретінде 71 гектар жерге егіліп, жақсы нәтиже көрсетті. Бұл сорттардың өнімділігі қолданыстағы сорттарға қарағанда 10 центнерге жоғары, вегетациялық кезеңі 10-15 күнге қысқа, суды 20 пайызға дейін аз қажет етеді. Суды пайдалану тиімділігін арттыру үшін егістік жердің 60 пайызын суландыратын «Сол жаға» магистральді каналына суды бөлу және есепке алуды автоматтандыру жұмыстарын бастадық. Бүгінде австралиялық «Rubicon Water» компаниясының тәжірибесін енгізу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленуде. Жаңа технологиялар көкөніс, бақша, картоп, малазықтық және жүгері дақылдарын егуге де пайдаланылуда. Бұл бағытта биылдан бастап 5 жоба жүзеге асырылмақ.

2-бет

2 АҚПАН – ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМ КҮНІ

Биыл «Қазақ» газетінің алғашқы санының шыққанына 111 жыл толады. Алаш қозғалысының саяси ұстанымдарын жариялап тұрған басылым қазақ тілінде кәсіби газет стилін қалыптастырды, зор ағартушылық рөл атқарды. Ілкіде езгі көрген қоғамның көзін ашып, еркіндік атты ұлы ұғымды алға шығарды. Елеулі датаға орайластырып биыл алғашқы рет «Ұлттық басылым күні» атап өтілмек. Біз осы тұста «Қазақ» газетінің қазақ қоғамына қалай ықпал еткенін сөз етеміз.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

«ҚАЗАҚ» hәм ҚОҒАМ

Фото: Ашық дерекқоздан

АҒАРТУШЫЛЫҚТЫҢ АРНАСЫН АШҚАН

Әріден бастасақ, қазақ халқы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жаңа тарихи кезеңдерге қадам басты. Жұрттың ағартушылыққа мұқтаж кезеңі. Соның әсерінен алғашқы қазақ кітаптары, ұлттық баспасөз құралдары, жаңаша мектептер пайда болып, ұлттық қозғалыстар қалыптасты. Ресей түркілері арасындағы қоғамдық-саяси және ағартушылық қозғалыс – «жәдитизмнен» қазақ қоғамы да қағыс қалмады. Қазақтар арасында да жәдиттік бағыттағы ағартушылық қозғалыс барынша өркендеп, Алаш идеясы өрістеді. Ұлтты ең алдымен ағартушылық hәм іскерлік жолға салу басты бағыт болды. Халықтың сана сезімі мен ұлттық мәдениетті көтере отырып теңдік пен еркіндікке жетуге тырысты. Бұл жолда қазақтың тұңғыш басылымдары басты рөлді атқаруы тиіс еді.

4-бет

АРАЛ: САПАЛЫ ЖОБА – СЕНІМДІ НӘТИЖЕ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Арал ауданының даму жоспарын қарау жөніндегі кеңес болды. Аймақ басшысы былтыр ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика тіркелгенін атап өтті.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

2-бет

ҚАЗАЛЫ: ҚАРҚЫН БӘСЕҢДЕМЕУІ ТИІС

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазалы ауданының даму жоспарын қарау жөніндегі кеңес өтті. Оған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев, орынбасарлары және облыстық басқарма басшылары қатысты.

2-бет

СҰХБАТ

ЖҰМЫССЫЗДЫҚПЕН ЖҮЙЕЛІ КҮРЕС

Әлемдік тәжірибеде халықты еңбекпен қамту ісін басқарудың әртүрлі модельдері қолданылады. Мәселен, американдық модель еңбекке қабілетті азаматтардың елеулі бөлігі үшін еңбек өнімділігі төмен, бірақ халықты кеңінен қамтумен ерекшеленеді. Сарапшылардың пікірінше, мұндай жағдайда жұмыссыздар қатары азайғанымен, кедейлік мәселесі шешілмейді. Ал скандинавиялық модель мемлекеттік секторда табысы орташа, еңбекақысы қанағаттанарлық жағдайдағы жұмыс орындарын көптеп аша отырып, негізгі күшті солай қарай тартуға бейімделген. Бұл модель негізінен мемлекет қаражатына арқа сүйейді. Үшінші еуропалық модель еңбек өнімділігін арттыру арқылы халықты жұмыспен қамту мәселесіне орайластырылған. Мұндай жағдайда жұмысшылардың жалақылары біршама жоғары болады. Қазақстанның қазіргі қолға алған шаралары осы модельге келіңкірейді, бірақ өзіндік ерекшеліктері аз емес.

Аймақта жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында мемлекеттік бағдарламалар өз тиімділігін көрсетіп келеді. Осы орайда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаевпен сұхбаттасқан едік.

3-бет

СУ РЕСУРСТАРЫ:
ҮНЕМ МЕН ОЗЫҚ ТӘСІЛ ЕҢБЕКТІ ІЛГЕРІЛЕТПЕК

Жобалар толық қуатына жеткенде 9 мың гектарды қамтиды. Оның ішінде Шиелі ауданында қытайлық «Бо Ян» компаниясымен бірлесіп, 3 мың гектарға тамшылатып суару әдісімен жүгері өсіру жобасы басталды. 2030 жылға дейін су үнемдеу технологияларын қолдануды 50 мың гектарға дейін ұлғайту межеленді,– деді аймақ басшысы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша шағын және орта бизнесті одан әрі қолдау тетіктері талқыланды. Үкімет басшысы отандық кәсіпкерлерді қолдауда ауқымды жұмыс жүргізілгенін атап өтті. Қабылданған шаралардың арқасында шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өніміндегі үлесі 36,5%-ға дейін өсті. Ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 40%-ға дейін артуы керек. Үкімет басшысы биылдан бастап бақылау мен қадағалау салаларында тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылғанын айтты. Оның нәтижесінде бизнесті жоспарлы тексеру мен кәсіпкерлерді жауапқа тарту біршама қысқарады.

Үкімет жиынынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тапсырма берді. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармаларына «ҚазСуШар» мекемесінің Қызылорда филиалымен бірлесіп, Су шаруашылығы саласын дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары жобасына облыстың су шаруашылығы мәселелерін енгізуді салалық министрлікпен пысықтау тапсырылды. Сондай-ақ биылдан бастап Қазақстан Республикасы төрағалық ететін Халықаралық Аралды Құтқару қоры атқарушы комитетінің отырысын өңірде өткізу ұсынылды. Шағын және орта бизнесті дамыту бойынша алдағы мақсат-міндеттерді белгіледі.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет» деп атап өткен болатын. Жүйелі жұмыстар өңірдің өнеркәсіп саласындағы көрсеткіштерінің оң динамикасын қалыптастырды. Мұнай қорының сарқылуы салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемінде өткен жылдың қыркүйек айынан бастап өсім қалыптасты. Өңдеу өнеркәсібі саласындағы өсім бойынша 2022 жылы республикада 11-орында болсақ, өткен жылды 1-орынмен қорытындыладық, – деді аймақ басшысы.

Дегенмен, кейбір көрсеткіштер бойынша жұмыс қарқыны төмен. Мәселен, орта кәсіпкерлікті дамытудың, ауылдық жерде бизнес-жобаларды қолдаудың жай-күйі қанағаттанарлық емес. Жиында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің сапалы әрі мерзімінде орындалуын қамтамасыз ету тапсырылды. Мұнан бөлек, басқарма экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесін арттыруға, өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялық жобалар пулына енгізілген жобалардың санын көбейту үшін ұсыныс беруге жауапты болмақ. Облыс аумағындағы индустриялық аймақтарға инвестиция тарту арқылы жаңа жобаларды орналастыру бойынша да міндет қойылды.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына «Ауыл аманаты» жобасы бойынша «Мемлекеттік сатып алу» заңына сәйкес сенім білдірген өкілді анықтап, құжаттар қабылдау тапсырылды.

1-бет

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Дархан Иманшаевпен кездесті.

Нұрлыбек Машбекұлы өңірде жол инфрақұрылымының дамуы басты назарда екенін, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауда бірлесіп жұмыс жасаудың маңызын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы аймаққа жұмыс сапары кезінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Ақтөбе қаласына дейінгі аумағын I санатқа ауыстыру жөнінде тапсырма берді. Республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 810 шақырымы облыс аумағында, Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейін 566 шақырым. Бұл бағытта 5 аудан мен Байқоңыр қаласы, 119 елді мекен орналасқан. Жол-көлік оқиғалары жылдан жылға көбейіп, зардап шеккендердің саны артуда. Өткен жылы 56 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, салдарынан 79 адам дене жарақатын алған, 40 адам қаза тапқан. Өңір халқы үшін аталған жобаның өмірлік маңызы бар. Оның іске асырылуы әлеуметтік-экономикалық дамуға септігін тигізеді. Мемлекет басшысының қолдауымен «Қызылорда-Жезқазған» республикалық маңызы бар автомобиль жолы қайта жаңғыртудан өтуде. Өткен жылы 104 шақырымы аяқталды, осы жылға межеленген жоспардың үдесінен шығуды қамтамасыз етуіміз қажет, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы аталған мәселелерге қолдау білдіріп, шешу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Қызылорда облысының аумағындағы автомобиль жолының ұзындығы – 3 418,5 шақырым. Оның 1 014,5 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1 849 шақырымы – аудандық маңызы бар жол. Былтыр 38,5 млрд теңге бөлініп, 671 шақырым жол, көшелер және көпір өткелдері жөндеуден өтті. Нәтижесінде облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетті. Бүгінде 230 шақырым жолды жөндеуге және жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға республикалық және жергілікті бюджеттен 26,1 млрд теңге қаралуда. Айта кетейік, 2024 жылға облыстағы жол қатынастары саласын дамыту үшін республикалық бюджетке 61,1 млрд теңгенің 101 жобасы ұсынылды.

БРИФИНГ

СЫРДАРИЯДА СЕРПІНДІ ТІРЛІК БАР

Былтыр Сырдария ауданындағы барлық салада даму динамикасы сақталды. Жыл басында аудан бюджеті 9,7 млрд теңгеге бекітілсе, жыл соңында 12 млрд теңгеден асты. Аудан бюджетінің 65 пайызы әлеуметтік және инфрақұрылымдық саланы дамытуға бағытталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Берік Сәрменбаев баяндады. Берік Әбдіғаппарұлы сонымен қатар ауданда атқарылған өзге де жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттер туралы айтты.

Sb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша 27,4 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 2022 жылмен салыстырғанда 2,9 пайызға артты. 36 043 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, оның ішінде, күріш 23 811, жаздық бидай 1723, арпа 15, мақсары 180, күнбағыс 100 гектар және картоп, көкөніс, бақша дақылдары 1168 гектарды құрады. Егілген күріш дақылынан гектарына 59,8 центнерден өнім алынып, барлығы 142 390 тонна астық жиналған.

– Кейінгі жылдары аймақта су тапшылығы мәселе тудырды. Осыған байланысты облыс әкімінің қолдауымен 2022 жылы шаруашылықтарға 37, былтыр қосымша 12 насос алынды. Үш ауылдағы каналдың 12 шақырымына механикалық тазалау жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар биыл да жалғасады. Өздеріңіз білетіндей, екі жылдың көлемінде аймақ басшысының тапсырмасымен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бақша дақылдарын егу жұмыстары жүргізілуде. Ауданда 2022 жылы 210 гектар қосымша жер ашылып, 865 отбасы бақша дақылдарын ексе, былтыр жер көлемі 359 гектарға дейін артып,1105 отбасы әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерін жинап алды. Жұмыс биыл да жалғасын табады, – деді аудан әкімі.

Кәсіпкерлік саласын дамыту тұрақты назарда. Қазіргі кезде ауданда 2765 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Жалпы былтыр мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында құны 4,9 млрд теңгені құрайтын 454 жобаға қаржылай қолдау көрсетілген.

Мемлекет басшысының бастамасымен халықтың табысын арттыру мақсатындағы «Ауыл аманаты» жобасына қатысуда сырдариялықтар да белсенділік танытты. Өткен жылы аудан бойынша «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 234,7 млн теңгенің 23 жобасы қаржыландырылған. Аталған жоба арқылы «Бесарық» ауылында бөдене фермасы ашылды. Ферма жылына 1500 тонна құс етін өндіріп, 1 млн-нан астам жұмыртқа алуды жоспарлап отыр. Жалпы аудан облыс орталығына жақын болғандықтан, тұрғындар мал бордақылау кәсібімен айналысып, қала тұрғындарының 80 пайызын етпен қамтамасыз етуде. Биылға 2,8 млрд теңгені құрайтын 496 жобаның тізімі жасақталған. Жобалар мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында қаржы ұйымдарына ұсынылады.

Ауданда өткен жылы құрылыс қарқыны бәсеңдеген жоқ. Оның ішінде тұрғын үймен қамтамасыз етуде нәтижелі жұмыстар атқарылған.

– «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» бағдарламасы аясында бюджет көздерінен 796,8 млн теңгеге Теренөзек кентінен жапсарлас 80 тұрғын үй сатып алынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ «Жетікөл» елді мекенінде үш бөлмелі 2 тұрғын үй құрылысына аудандық бюджеттен 30,4 млн теңге бөлініп, көпбалалы отбасылар қоныс тойын тойлады. Теренөзек кентіндегі жаңа шағын аудандардың жолына қиыршық тас төсеу жұмыстары биыл аяқталып, кезекте тұрған 511 азаматқа жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін табыстау жоспарланып отыр, – деді аудан әкімі.

Мемлекет басшысы «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында ең алдымен халыққа қажетті инфрақұрылымдық жұмыстарды атқаруды тапсырғаны белгілі. Осы ретте, былтыр ауданда құрылыс және коммуналдық сала бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілген. Мәселен, жол сапасын жақсарту, ауызсу жүйелері мен электр желілерін жаңарту басты назарда. Атап өтетін жағдай, аудан орталығы табиғи газбен толық қамтамасыз етілсе, елді мекендерді газдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Өткен жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 330,6 млн теңгеге Қалжан ахун ауылына газ жетті. Нәтижесінде ауданды табиғи газбен қамтамасыз ету 35 пайызға ілікті.

АРАЛ:
САПАЛЫ ЖОБА – СЕНІМДІ НӘТИЖЕ

– Өткен жылы Қызылорда қаласы мен аудандар бөлінісіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Арал ауданының өсу динамикасы тұрақты деңгейде сақталды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 24,3 млрд теңгені немесе 148% құрап, бюджет қаражатына деген тәуелділіктің төмендегені байқалады. Бюджет 98,2% игерілді. Ауданның өз кірісі 2022 жылы 3 млрд теңге болса, 2023 жылы 3,2 млрд теңгеге жеткен. Бұл бағыттағы жұмыстарды биыл да жүйелі түрде жалғастыру қажет, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Келесі кезекте аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев алдағы уақытта жүзеге асатын және ұсынылған жобалар жөнінде баяндады. Аудан бюджеті 2024 жылға трансферттер мен кредиттерді қоса алғанда 15,2 млрд теңге болып бекітілді. Ол өткен жылмен салыстырғанда 770,1 млн теңгеге артық немесе 105,3% құрайды.

Бұл ретте облыс әкімі аудан басшысына биылға межеленген көрсеткіштерді орындау міндетін жүктеді. Ал облыстық басқарма басшыларына «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру, аудандық маңызы бар жолдарды жөндеу және салу, Мемлекет басшысының 2021-2025 жылдары Арал теңізінің құрғаған ұлтанына 1,1 млн гектар сексеуіл екпелерін егуді ұлғайту жөніндегі

тапсырмасын орындау, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша іс-шараларды пысықтау тапсырылды.

Аудан әкімінің айтуынша, биыл құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан 14, жоба-сметалық құжаттама әзірленген 54 жоба бар. Бұдан бөлек, демеушілік есебінен 120 млн теңгеге жуық қаржыға 30 жоба дайындалуда. Олардың қатарында 24 әлеуметтік нысанды газдандыру, 3 абаттандыру және «Ерімбетжаға», «Тастүбек» елді мекендерін ауызсуға қосу, теміржол вокзалы ғимаратын қайта жаңғырту жобалары бар.

Екі жыл бұрын ауданға қарасты «Хан» елді мекені тұсындағы қалқымалы көпірді 328 млн теңгеге қайта жаңғырту басталды. Қазір қайта түзетулер жасалуына байланысты мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Қалқымалы көпір құрылысы мердігер мекеме есебінен 80-85 пайыз аяқталған.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында 5 жоба жүзеге асырылады. Атап айтқанда, олардың қатарында «Қызылжар-Шөмішкөл», «Самара-Шымкент-Бекбауыл», «Аққұлақ елді мекеніне кіреберіс», «Самара-Шымкент-Қамыстыбас-Аманөткел-Жаңақұрылыс», «Қаратерең-Жаңақұрылыс» автомобиль жолдары бар.

Сексеуіл кентіндегі 40 орындық аурухана құрылысы 2019 жылы басталған, қазір қабырғасын қалау 90% біткен. Былтыр «Көктем» елді мекеніндегі медициналық бекет салынып, пайдалануға беруге құжаттары әзірленуде.

Арал қаласында жалпы көлемі 76,5 гектар 5 ірі тұзды сор көл бар. «Жаңа ауыл» шағын ауданындағы сор көлдің тереңдігі 1,75 метр, ең кішісі «Суворов» сор көлінің орта шеніндегі тереңдігі 1 метр. Оларды көму – жергілікті тұрғындардың ұзақ уақыттан бері шешімі табылмаған мәселесі.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен Арал қаласынан екі мектеп салу жоспарланған. Қазір бір мектептің құрылысы басталса, екінші мектептің жер телімі белгіленген.

Аудан әкімінің айтуынша, теміржол үстінен өтетін аспалы көпірге апаратын негізгі кірме жол ретінде Жылқаман батыр көшесін абаттандыру қажеттілігі туындауда. Арал қаласының тұрғындары теміржолдың екі жақ бетіне қоныстанған. Көпшілік демалатын орындардың басым бөлігі қаланың негізгі бөлігінде. Ал «Жаңа ауыл», «Шанхай» шағын аудандарында мәдени-демалыс орындары жетіспейді.

Жиын қорытындысымен облыс әкімі көтерілген мәселелер алдағы уақытта жан-жақты таразыланып, нақты шешімдер қабылданатынын жеткізді. Бұл мақсатта жергілікті тұрғындарға қандай мәселе өзекті екені сұзгіден өтуі тиіс. Қазір көпшілік тарапынан газ, ауызсу, жол, электр желісі жөнінде жиі айтылады. Бөлінген қаржы көздері негізінен ел үшін осындай өзекті мәселелерді шешуге бағыттауы қажет. Бұл орайда әрбір жоба мұқият сарапталып, қаржыны тиімді жұмсауға мән берілгені жөн.

1-бет

ҚАЗАЛЫ:
ҚАРҚЫН БӘСЕҢДЕМЕУІ ТИІС

– Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Қазалы ауданының өсу динамикасы тұрақты, – деді облыс әкімі. – Негізгі капиталға салынған инвестициялар 22,5 млрд теңгені құрап, 107,5% болды, бюджет қаражатына тәуелділік төмендеген. Бюджет қаржысы 99,9% игерілген. Қазалы аудандар бөлінісінде 2-орынға тұрақтады. Өз кірісі 2022 жылы 2,1 млрд теңге болса, 2023 жылы 2,6 млрд теңгеге жеткен. Жүйелі жұмыстардың қарқыны биыл да төмендемеуі тиіс.

М.Оразбаев алдағы уақытта жүзеге асырылатын жобалар туралы баяндады. Ауданның 2024 жылғы бюджеті 11,1 млрд теңге, оның 2,6 млрд теңгесі өз кірістері, қалған 8,5 млрд теңгесі – субвенция және трансферттер. Қазалылықтардың өмір сүру сапасын арттырып, қолайлы орта қалыптастыру үшін биыл 17 нысанның құрылысы жаңадан басталады. Бұл жобаларға 2,3 млрд теңге қаржы бөлінді.

Кеңесте аудан әкімі елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту жобаларына тоқталды.

Биыл Қазалы ауданында бұл бағытта 6 жоба жүзеге асырылмақ. Атап айтқанда, Абай елді мекеніндегі орамішілік газ желілерінің құрылысына Ұлттық қордан 25,4 млн теңге қаралған. Былтыр құрылысты бастау үшін 41 млн теңге бөлінген. Жалпы құны – 343 млн теңге.

Қазалы ауданының Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев елді мекендеріне газ құбырын тарту, Қазалы қаласының, «Қожабақы» елді мекенінің электр желілері мен қондырғыларын қайта жаңғырту республикалық, облыстық бюджеттен қаржыландырылды.

«РЗА» АҚ-ның «Қазалы ауданында 184,29 гектар суармалы жер учаскесін құру» жобасының сыртқы инфрақұрылым объектілерін, яғни сорғы станцияларын салу, жаңбырлатқыштарды электрмен жабдықтау республикалық бюджеттен қолдау тапты. Әйтеке би кентінің электр желілерін қайта жаңғыртуға облыстық бюджеттен қосымша 32 млн теңге қажет.

Автомобиль жолдары бойынша 5 жоба ұсынылған. Әйтеке би кентіндегі Бегім ана, Сырым батыр көшелерін күрделі жөндеуге, Жанқожа батыр және Әйтеке би көшелерін қайта жаңғыртуға қаржы бөлінді. Мұнан бөлек, Қазалы қаласы көшелерін қайта жаңғырту, «Алға» ауылдық округінің Бейбітшілік және Б.Әбдіразақов көшелерін орташа жөндеу үшін қажетті қаражат қаралған.

Аталған жобалардан бөлек, аудан әкімі бірқатар көшені салу және күрделі жөндеу қажеттігін атап өтті. Оның ішінде аудандық маңызы бар 22 шақырым «Бозкөл-Тасарық» автомобиль жолын орташа жөндеу ұсынысы қолдау тапты. Жобаның болжамды қаржысы – 830 млн теңге.

Қазалыда халыққа қолайлы орта қалыптастыру мақсатында биыл 18 жаңа нысанның құрылысы салынады. Бұл жобалар үшін 2,2 млрд теңге қаржы қаралған.

Аталған жобалардан бөлек, сараптаманың оң қорытындысын алған 5 жобаның құжаты дайын. Олар – Әйтеке би кентіне салынатын тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, атап айтқанда, электрмен жабдықтау, жол салу, Қ.Пірімов ауылының жеке тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылымы және Ү.Түктібаев ауылын электрмен жабдықтау жобасы.

Кеңесте облыстық басқарма басшылары ауданның даму жоспарына қатысты ұсыныс-пікірлерін айтты. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, негізгі экономикалық индикаторларға қол жеткізу, нысандар құрылысын салу, инфрақұрылымды дамыту мәселелері талқыға түсті.

Сондай-ақ басқарма басшыларына «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру, аудандық маңызы бар жолдарды жөндеу және салу, инфрақұрылым желілерін әрі қарай дамыту бойынша міндеттер жүктелді.

Жиын қорытындысымен аудан әкіміне биылға межеленген көрсеткіштерді орындау тапсырылды. Тұрғындардың өтініш-пікірлеріне назар аударып, кері байланыс орнату қажеттігі ескертілді. Жобалардың тиімділігі мен маңыздылығы терең зерделенуі тиіс.

1-бет

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Ә.ХОЖБАНОВ – 70

Елде кім бар дегенде – жүрегі ел деп соғатын, туған жердің түлеуіне, еліміздің экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген арқалы азаматтардың бірегейі, Қызылорда облысы Сырдария ауданының тумасы, қазір Қызылорда қаласында тұратын Сыр еліне белгілі кәсіпкер – меценат, бірнеше мемлекеттік қызметтер атқарып, құрметті зейнет демалысына шыққан, елге қадірлі, қазіргі облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Битілеуұлы Хожбанов 10-ақпан күні өмірдің асқаралы асуы 70 жасқа толғалы отыр.

Әрекеңнің әдемі әлемі

Мен Әрекеңді жақын білетін жандардың бірімін. Ол – бойсойы келіскен, түрі мен мазмұны әсем үйлесім тапқан, ойы терең, сезімі сергек, жаны жайсаң, кең пейілді, мейірман жүректі, салқын сабырдың иесі. Халқымыздың даналығында, «тектіден текті туады, тектілік жолын қуады» деген сөз бар. Әрекеңнің әкесі Битілеу ақсақал жаппас ағайындардың белгілі аталықтарының бірінен шыққан өз заманының білімді, арқалы азаматтарының бірі болған. Анамыз Злиха жағынан да Әрекеңнің тегін жерден жаратылмағаны жақын туған-туыстарына, құда жекжаттарына белгілі.

Өмірде азаматтың талабының оңғарылып, тасының өрге домалай беруіне бірден-бір себепкер болатын оның сүйген жары, өмірлік серігі екендігі – заңдылық.

Әрекең бұл жағынан да жолы болған жігіт.

Сүйген жары Салтанат әйел ретінде, ана ретінде ақылын үнемі алға ұстап отыратын, өзінің міндеттерінің негізгісі Әрекеңнің көңіл-күйі, жағдайы екенін толық түсініп, өмір сүру дағдысына айналдырған, өте зерделі, нәзік жан. Салтанаттың осы қасиеттері Әрекеңнің бойындағы отбасына деген адалдықты, тұрақтылықты тәрбиелеп тұрғандай. Қазақ әйеліне тән сыр-сипатты, заманауи қажетті тірліктерді, ұстанымдарды да меңгерген, сөзі өтімді, сауатты, кез келген ортада өзіндік орны бар. Оның бұл қасиеттері Әрекенді үнемі әрлендіріп, мәндендіріп, сәндендіріп рухтандыра түседі.

Салтанат 2 жасында әкесінен, 18 жасында анасынан айрылды. Өмірдің қиыншылықтарына мойымады. Әкесі Жиянгер аға өте сауатты, сұлу, мінезге бай адам болған, қалың орыс тұратын ауылда тек бір ғана осы қазақ азаматы сол жердің бас бухгалтері қызметін атқарған. Демек, Салтанаттың бойындағы жігерлілік пен қайсарлық әке қанымен, ана сүтімен дарыған.

Ата-анадан айрылған үш баланы нағашысы Қабдолла аға мен Рауза жеңгей қамқорлығына алған. (Салтанаттың нағашылары атақты қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың жиеншарлары еді). Салтанат нағашыларының жақсылықтарын ризашылықпен еске алады. Содан бері қанша жылдар өтсе де менің жолымда кілең жақсы адамдар жолығатын болды деп отырады.

Қабдолла аға мен Рауза жеңгеміз бастаған Салтанаттың нағашыларын сонау Омбыдан біздің Әрекең Қызылордаға көшіріп алдырды. Бастарына баспана, балаларына жұмыс берді. Біраз жыл бұрын сол Қабдолла ағамыз бен Рауза жеңгемізді ақ жуып, арулап, о дүниеге шығарып салды.

Мақаламыздың басында тектіден текті туады, тектілік жолын қуады деп бастаған едік, енді осы қанатты сөзді аша түсу үшін ғибратты жандардан тараған балалар мен немерелерге тоқтала кетейік.

Бүгінде Әрекең абыз ата, Салтанат асыл әже. Олар немерелерін шексіз сүйеді, алғаусыз, тау суындай мөлдір махаббаттарына бөлеп, әлдилеп келеді. Отағасы мен Отанасының бір-біріне деген ыстық сүйіспеншілігіне, сыпайы сыйластығына негізделген орнықты отбасында әркез адамгершілік, сұлулық, патшалық құрады.

Балалары Әсел, Айнұр, Жамбыл, Азамат, Әсем қазіргі заманғы, жаңа тұрпатты, заман ағымына дер кезінде үн қоса алатын үлгерімді, білімді, талапшыл, жаңашыл халқымыздың ұл-қыздары.

Отбасындағы осы бір игі дәстүрлер Әрекеңнің немерелеріне жалғасқан. Абылай мектепті алтын медальмен бітіріп, С.Демирель университетінде 3 курс студенті, оқу озаты. Абылхайыр Назарбаев мектебін үздік бітіріп, бірнеше жобалар қорғап, қазір Назарбаев университетінің үздік студенті, екеуі де сабырлы, терең білімді, спорт, музыкамен де айналысып, жан-жақты озық тәрбиелі болып өсіп келе жатқан үлгілі жастар.

Азамат пен Әсем дүниеге әкелген Алихан, Алдияр, Асанәлінің орны бір бөлек.

Әлиханның жетістіктері жайлы республикалық баспадан шыққан «Таланттар топтамасы» атты журналда жарияланды. Оның Әлем тілдері туралы бағдарламаларды құмарта тамашалауы, логикалық ойлау жүйесін дамытатын ойындарға қызығуы, музыка аспаптарында ойнауға әуестенуі – жас Әлиханның болашағының кепілі. Ал Алдияр болса қазірдің өзінде мүсін, сәулет, сурет өнеріне қызығушылығы мен бейімділігін танытып-ақ келеді.

Бойларынан талантты адамдарға тән белгілер мен нышандардың ерте бастан біліне бастауы, қазақы тәрбиені сақтай отырып әр баланың бейіміне қарай заманауи бағыт берілуі, ата-әже мейірімі мен әлдиіне қанып өсуі, балалардың бақытты болашағының негізі ғой. Демек, Әрекең мен Салтанаттың отбасында еліміздің атын шығаратын, талантты, дарынды азаматтардың негізі қаланып жатқаны тектіліктің дәлеліндей.

Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ

Еңбекпен келген бақыт

Сыр өңіріне белгілі қоғам қайраткері Жақай Бодықбаев – қиыннан қиыстырып әр істің көзін табатын, түйінін тарқата білетін адам. Кеуде сарайында сол өткен күндер сайрап тұр. Бәрінен бұрын қатарынан қалмай, ғұмыр кешуді ойлады. Сондықтан болар, алдына қойған мақсаты мен арманы биікке жетеледі.

Әкесі Серік аса сауаты болмаса да, ауылаймаққа сөзін өткізе алатын, өтірікке жаны қас, ойы жүйрік, сөзі өткір кісі болған. Артель құруда, колхоздастыру кезеңінде уақыт желін түсіне білген зерек жан шаруашылықта өндіріс, құрылыс бригадирі қызметтерін атқарған. Денсаулығына байланысты соғысқа бара алмаса да, Ресейдің Свердлов облысына еңбек майданына жіберіліп, өндіріс орнында жұмыс жасайды. Сол жерде жүріп өкпесіне суық тигізіп, елге қайтады. Жастайынан әке денсаулығына алаңдаулы бала оған салмақ салмады.

Содан 1957 жылы Қызылорда қаласындағы ауылшаруашылық техникумының аграном мамандығы бойынша студенті атанды. Қызығы мол студент кезең, күзге салым ауыл шаруашылығы жұмысына бару басталды. Ол кезде қазіргідей заманауи техникалар қайда? Бірінші курста Шиелі ауданына қарасты «Большевик» (кейін «Авангард») колхозына күріш ору науқанына алып барды. Студенттер көбіне атыз жиегінде қалған масақты терумен, орумен айналысады. Ең қызығы, 40 күндік жұмыстың қорытындысын шығарғанда студент Жақай Бодықбаев 480 сом табыс тауып, студенттер арасынан оза шауып Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктер көрмесіне қатысуға жолдама алады. Бұл студент жігіттің еңбектен тапқан алғашқы зор қуанышы еді.

– Біздің кезімізде жастардың селтеңдеп көшеде бос жүргені ұят саналатын. Жұмыссыз жастармен комсомол ұйымы тікелей айналысса, оған қоса учаскелік милиция тіркеуге алып, не себепті жұмыссыз жүргенін анықтап, ата-анасымен сөйлесетін. Ауылдық жерлерде СПТУ-дың филиалдары жұмыс жасап, бос жүрген жастарды трактор, машина айдауға оқытып, үйретіп, техникаларды игеруге бағыттайтын. Сол курсты бітіргенше, курсанттарға ұмытпасам 12 сом стипендия төлейтін. Кейін жастар шаруашылыққа жұмысқа алынып, комбайн, трактор, машина рөліне отырып, күзгі егін жинауға, мал азығын дайындау науқандарына қатысатын. Бұны айтып отырған себебім, бүгінгі қоғамда жастармен жұмыс жасайтын ұйымдар осы жағын білсін дегенім ғой, – деді арадағы әңгіме барысында Жақай ағай.

Расында ол кезеңнің жастарды жұмысқа тартуының жақсы жақтарын біз де көзімізбен көріп, басымыздан өткердік.

Ол оқуын бітірісімен Тереңөзек аудандық байланыс бөлімшесіне пошта агенті болып жұмысқа орналасып, еңбек жолын бастайды. Арада біршама уақыт өткенде аудандық партия комитеті шақырып, техникалық қызметке қабылдайды. Аудан басшылығы байланыс бөліміндегі қызметтестері арқылы жұмыста өте тындырымды, ұқыпты, тиянақты, ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын азамат екенін сырттай зерттеп біледі. Сол кездегі Тереңөзек ауданының бірінші хатшысы, Социалистік Еңбек Ері Нұрқасым Бердіқұлов өзіне шақырып, жұмыс жасау керегін айтады.

Бірінші басшының сенім артқаны көңіліне қанат бітіреді. Уақытпен санаспай берілген тапсырманы дер кезінде орындап отырады. Қыста аупартком кеңсесінің көмірін тасып, көктемде кеңсе айналасына қараса, күзде аудандағы күріш ору науқанында комбайн рөліне отырып астық орады. Алғаш рет Абай атындағы колхозда егін орағында комбайнер жетіспей қалғанда бірінші хатшы Нұрқасым Бердіқұловтың өзі «бір тайды әкеп бәйгеге қостым» деп колхоз жігіттерін қайрап кеткені бар. Сол мектептен сүрінбей өтіп, сенімге ие болды, көп нәрсені үйренді, білді, ұғынды, бойына сіңірді. Қызылорда облысын Шымкентке қосу туралы әңгіме болғанда, Орталық комитет Н.Бердіқұловтың дәлелдері мен дәйектеріне құлақ асып, облысты аман алып қалғанына Жақай ағай әлі күнге дейін таңғалады.

Содан 1961 жылы Жақай Бодықбаев аудандық комсомол комитетіне нұсқаушы болып ауысады. Егін, мал шаруашылығы мен құрылыс саласында екпінді жастар бригадасын құрады. Аудан жастарын еңбекке баулуға өзі бас болады. Мұнда да жасаған тірлігі жастарға шабыт беріп, қысқа мерзімде егін жинап алуда рекорд орнатып, ауыспалы Қызыл туды жеңіп алады.

1969 жылы сол кездегі XXI партсъез совхозына бас агроном қызметіне жоғарылайды. Сейілбек Шаухаманов директор, Жақай досының қай істе де тындырымды, ізденімпаз, тиянақты, теориялық-практикалық білімді, ұтқыр ұйымдастырушы, қарым-қабілетті екенін өте жақсы біледі. Бір жағынан егін жағдайын білетін білікті маман. Шаруашылықтың егіннен өнім алудағы түсімі төмендеп кеткен. Осыны жолға қою білікті әрі іскер Жақай Бодықбаевтың қолынан келетініне С.Шаухаманов сенді.

Осы совхозда ол аянбай еңбек етті. Күріштен мол өнім алына бастады. Ол кезде егістікті аралайтын машина жоқ, ат мінетін. Мұны білген аудандық атқару комитетінің төрағасы Елеу Көшербаев өзіне шақырып алып, үш дөңгелекті «Урал» мотоциклін «бас агрономдығыңа берген байғазым» деп інісіне сыйға тартады. Осылайша егіннен жоғары өнім жинауға ықпал етіп, шаруашылықты жетістікке, табысқа жеткізді. Адал еңбегі үшін аудан басшылары мен досы Сейілбек Шаухаманов іскерлігін, еңбекқорлығын жоғары бағалады. Өз естелігінде: «Жақай Бодықбаев – еңбекті пір тұтқан, өз бақытын еңбектен тапқан, өз бақытын өз қолымен жасаған азамат» деп жазады. Бұдан артық қандай баға керек?

Кезінде Нұрқасым Бердіқұлов, Қонысбек Қазантаев, Жұмабай Бекішов, Елеу Көшербаев, Елтай Тыныштықбаев, Сейілбек Шаухаманов секілді азаматтардың мектебінен өткен Жақай Бодықбаевтың осал болуға қақысы жоқ еді. Бұл кісілер оны шыңдады, білмегенін үйретті, қажетті тұста өсірді, демеді. Бірнеше совхоздың директоры болды. С.Сейфуллин совхозын басқарғанда күріш көлемін 1800 гектарға жеткізіп, 55 центнерден өнім жинады. Ірі қараны 2800 басқа жеткізді. Алты жыл ішіндегі табысы сараланып, Мәскеудегі көрмеге 6 рет қатысып, 4 қола, 1 күміс, 1 алтын медальдің иегері атанады. 1976 жылы осы көрмеде «УАЗ» жеңіл автокөлігімен марапатталды. Содан Шиелі аудандық ауыл шаруашылығы бөлімін басқарады. Күріштен мол өнім алып, облыстың алдына шығарады. Осында жүргенде Жадыра Таспанбетова Социалистік Еңбек Ері атанады. Бұдан соң екінші рет облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының орынбасарлығына келді.

Сейілбек Шаухаманов тәуелсіздік алған тұста Жақай Бодықбаевты Қармақшы ауданының әкімі етіп тайындады. Сол тұста ауданға тағайындалған алғашқы әкім Жақай Бодықбаев еді. Қармақшыны 4 жыл басқарды. Жұрт не істерін білмей аңтарылған кезеңде 12 ұн тартатын, 13 күріш ақтайтын, 10 тары сөгін, 7 пісте майын шығаратын, 10 макарон өнімін өндіретін, 8 жүгері түтікшелерін шығаратын, 6 балапан инкубаторын, басқа да бірнеше ірілі-ұсақты цех ашудың басы-қасында өзі жүрді. Сөйтіп аудан халқы өзін-өзі қамтамасыз етуге толықтай қол жеткізді. Тірлікті осылай жолға қойып, зор абыроймен зейнетке шықты.

Мұнан соң туған жері «Ақжарма» кеңшарында біраз жыл директор болды. Бүгінде асыл жары Шәрбанның қасында жоқтығы болмаса, ұл-қыздарының шаттығын көруде. Жақай ағамыз 85 жасқа келсе де, ат арқасынан түспей, облыс ардагерлерінің Көкшетау, Сарыағаш курортты аймақтарында жеңілдікпен демалуына атсалысып келеді. Өткен жылы Көкше аймағындағы Зерендіге 150-ге тарта ардагердің демалуының орайын келтірді. Мұндай ізгілікті іс кез келген азаматтың қолынан келе бермесі анық. Биыл да бұл шара жалғасын таппақ. Бұның бәрі – Жақай Бодықбаевтың жанашырлық ісі. Әлі де халыққа берер өнегеңіз көп болсын дейміз.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
Ақпарат саласының үздігі

ЖҰМЫССЫЗДЫҚПЕН ЖҮЙЕЛІ КҮРЕС

– Ғабит Жұмабекұлы, өңірде жұмыссыздық деңгейі қаншалықты төмендеді?

– Былтыр облыста 86 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, 9155 бос жұмыс орны ұсынылған болатын. Осының нәтижесінде 3799 адам тұрақты және уақытша жұмысқа орналасты. Жыл сайын Солтүстік өңірлердегі бос жұмыс орындарына арналған жәрмеңкелер тұрақты ұйымдастырылып келеді. Өткен жылы біздің өңірден теріскейге 425 адам, яғни 117 отбасы қоныс аударды. Соның ішінде 146 адам тұрақты жұмысқа орналасып, баспанамен қамтылды. Жұмыссыздықты төмендету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғандықтан, 4,8 пайызға төмендеді. Ал жастар арасында 3,5 пайызға тұрақтады.

Былтыр «Жұмыспен қамтудың өңірлік жол картасы» шеңберінде 52389 жұмыс орны ашылса, субсидияланған жұмыс орындарына 16 мыңнан астам адам қамтылды. Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасына сәйкес, 12 916 жұмыс орны құрылды. Әлеуметтік осал топтағы азаматтардың тұрақты жұмыспен қамтылуы да басты назарымызда. Осы санаттағы 1529 адам мемлекеттік қайтарымсыз грант алып, өз-өзін жұмыспен қамту мүмкіндігіне ие болды. Бұдан бөлек, екі мыңнан астам мүгедектігі бар азамат тұрақты және уақытша жұмысқа орналасты. Ал 234 адам қайтарымсыз грант алса, 964-і «Бастау бизнес» және қысқа мерзімді курстардан өтті. Жалпы өңірдегі жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызға төмендеген.

– Атаулы көмек алатын азаматтарға арнайы мониторинг жүргізіле ме? Нәтижесі қандай?

– Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны айтарлықтай төмендеп келеді. Олар көмекке шын мұқтаж ба? Соған тексеріс жүргізіліп, арнайы мониторинг ұйымдастырылды. Нәтижесінде, жәрдемақыны алушылар саны 14 407 адамға кеміді.

Өткен жылы 9 мыңнан астам азаматқа 4,6 млрд теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек төленіп, жекелеген санаттағы 40 мыңнан астам адамға жергілікті өкілетті органдардың шешімімен қаржылай көмек берілген еді. Одан бөлек халықтың осал топтарынан шыққан 460 студенттің оқу ақысына көмек көрсетілді. Бюджеттен тыс көздерден көмекке мұқтаж көпбалалы отбасыларға, мүгедек және жалғызбасты қарт кісілерге қайырымдылық жасалды. Бұл игі шаралар биыл да жалғасын табады.

Біздің өңірде 33 мыңнан астам мүгедектігі бар азамат тіркелген. Әлеуметтік қызмет көрсету саласын жаңғыртудың бір бағыты – мүгедектігі бар адамның отбасы мүшелерін әлеуметтік қызмет көрсетуге тарту. Тиісінше, жұмыссыз отбасы мүшесі жеке көмекші ретінде тіркеліп, оған қызмет көрсеткені үшін еңбекақы алады. Осылайша 2500-ге жуық адам жұмыспен қамтылғандар санатына енді.

Тағы бір айта кететін жайт, оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, мүгедектігі бар адамдар қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етілуде. Биыл да осы жұмыс жүйелі жүргізіледі. Айта кетейік, мүгедектігі бар азаматтардың қолайлылығы үшін 366 инфрақұрылым нысаны қайта жөнделді.

– Шетелден жұмыс күшін тарту бағытына тоқталсаңыз... Қандай жұмыстарға, қай салаға келіп жатыр?

– Иә, басқарма тікелей шетелден жұмыс күшін тарту және қандас мәртебесін беру, ұзарту мемлекеттік қызметтерін де көрсетеді. Шетелдік жұмыс күшін тартуға биылға 776 бірлік квота бөлінген. Облыста бірлескен 40 кәсіпорын жұмыс атқарса, ондағы қазақстандық мамандардың саны – 7190 адам, 370 шетел азаматына, атап айтсақ, 351 қытайлық, 10 сербиялық, 2 румыниялық, 6 украиндық, 2 корейлік, 2 ирандық, 5 түркиялық азаматқа жұмыс істеуге рұқсат берілген. Облыстық бюджетке түскен салық 244,2 млн теңгені құрады. Ал биыл бөлінген квота бойынша 500-600 адам жұмыс күші ретінде келеді деп күтілуде.

– Биыл «Күміс жас» бағдарламасына қандай өзгерістер енді? Бағдарламаның тиімді тұстары қандай?

– Аталған бағдарламаның тиімділігі жоғары. Өткен жылы республика бойынша 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы аясында 50 жастан асқан 15166 адам «Күміс жас» жобасы бойынша жұмысқа орналастырылған. Расында да бүгінде зейнетке әлі шықпаған орта жастағы адамдардың жұмыс табуы қиын. Көпшілігі – үйде бала күтімімен отырып қалғандар немесе түрлі себептермен еңбек ету мүмкіндігі болмағандар. Жоғарыда аталған жоба осындай жұмыссыз жүрген жандардың зейнетке шыққанға дейін еңбек етуіне үлкен көмек.

Олар «Күміс жас» жобасына қатысып, 36 ай бағдарлама негізінде жұмыспен қамтылады. Қатысу үшін арнайы өтініш беруі керек. Әрі тұрақты жұмысынан бөлек бағдарламаға да тапсырып, екі жұмыс істеуіне мүмкіндік бар. Биыл 2000-нан астам аймақ азаматы аталған бағдарлама бойынша жұмыспен қамтылады деп жоспарлап отырмыз. Мемлекеттен қаржыландырылу жағынан мәселе жоқ.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

1-бет

БРИФИНГ

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛУДА

Өткен жылдың 1 қыркүйегінен бастап құрылыс-монтаждау және жобалау бойынша сатып алу жұмыстары тек қана рейтингтік балдық жүйе арқылы жүзеге асырылды. Сәйкесінше, рейтингтік-балдық жүйе бойынша ұйымдастырылатын конкурстарда комиссия құрылмайды, сатып алу жеңімпазы ақпараттық жүйелердің негізінде 22 күнде автоматты түрде айқындалады.

Ал осы жылдың 1 ақпанынан бастап, техникалық қадағалау қызметтерін анықтау бойынша конкурстарды осы тәсіл арқылы толық автоматтандырылған түрде жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов айтты.

– Мемлекеттік сатып алу саласын жетілдіру мақсатында былтыр ҚР Қаржы министрлігіне 94 ұсыныс жолданды. Соның ішінде техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларға веб-порталда қойылған артық талапты алып тастау жөніндегі ұсыныс қолдау тапты. Былтыр мемлекеттік сатып алу саласында республикада бірінші болып енгізілген бір облыста – бір ұйымдастырушы тәсілінің қорытындысы оң нәтиже көрсетті. Сондай-ақ, осы салада заң бұзушылықтарды болдырмау және алдын алу мақсатында бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, қала, аудан әкімдіктері және облыстық басқарма қызметкерлерінің қатысуымен 160 іс-шара өтті. Нәтижесінде ішкі мемлекеттік аудит органдары келтірген камералдық хабарламалар саны 15 пайызға азайды. Бұдан бөлек, мемлекеттік сатып алу саласында әкімшілік құқық бұзушылық 40 пайызға, ал әкімшілік айыппұл көлемі 62 пайызға дейін төмендеді, – деді басқарма басшысы.

Айта кету керек, былтыр мемлекеттік сатып алу саласында 5260 конкурс жарияланған. Тиісінше, көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 43 пайызға артып отыр. Жарияланған конкурстардың 2002-сі жұмыстарға, 1614-і қызметтерге, 1644-і тауарларға тиесілі.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

«Қазақ» һәм қоғам

«Қазақ» газетінің тарихына қысқаша тоқталсақ, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Райымжан Мәрсекұлы бастаған алдыңғы қатарлы қазақ оқығандары жалпыхалықтық газет ашумен 1905 жылдан айналыса бастады. Алдымен олар «18 ақпан жарлығы» шығысымен өздерінің саяси талаптарын әйгілі «Қарқаралы петициясына» тізіп жазып, осы жарлыққа қол қойған орыс патшасының атына поштамен жөнелтеді.

Дәл осы петицияның 3-тарауында: «Қазақ халқының қазіргі мұқтажын айқындау үшін қазақ тілінде газеттер басып шығару қажет, ол үшін бастапқы цензурасыз баспахана ашуға және газет басуға рұқсат сұрау емес, құлақтандыру тәртібін орнату керек болады» деп жазылған еді.

Сол жылғы желтоқсан айының басында ақпарат көзі ретінде Санкт-Петербургтің «Новая жизнь» газетін сілтеп көрсеткен семейлік «Семипалатинский листокъ» «17 қазан манифесі мен одан кейінгі тұста Ә.Бөкейхановтың қазақ тілінде газет басып шығару үшін қырға кеткенін» хабарлады. Ал қараша айында Бөкейхан Ресейдің «жергілікті және қалалық қайраткерлерінің» Мәскеудегі съезінде қазақтың сөз бостандығына зәру екенін айтып, сөз сөйледі. Ол: «Ана тілін еркін қолдану қазақтардың таяу арадағы мұқтажы, сөз бостандығы әсіресе алдағы сайлау науқанына қажет» деп мәлімдеді. Бұл мақсат арқылы 1913 жылдың ақпанында іске асты. Осылайша қазақ қоғамын саяси һәм мәдени бағытта ағартушылыққа жол ашылды.

Көзқарас қалыптасқан кезең

Әрине, «Қазақ» газетінен бұрын да басылымдар болғаны рас. Қазақ баспасөзі тарихы XIX ғасырдың екінші жартысында Ташкентте шыққан «Түркістан уалаяты» газеті (1870-1882) мен Омбыдан шығып тұрған «Дала уалаяты» газетінен (1888-1902) бастау алады. Бірақ неге «Қазақты» алдыңғы орынға шығарамыз? Өйткені жоғарыда аталған екі газет те – патша өкіметінің жергілікті басқару органдары арқылы шығып тұрған басылым еді. Сондықтан да мұнда көбіне үкімет қаулылары жергілікті ұлт тілдеріне аударылып жарияланып тұрды. Газеттің кей сандарында өлке тарихына қатысты құнды жазбалар да кездесті. Алайда елдің көзін ашуға септескен жоқ.

Фото: Ашық дереккөзден

1905 жылғы бірінші орыс революциясынан соң ұлттық тілде мектеп ашуға рұқсат беріліп, ұлттық баспасөз шығаруға мүмкіндік туды. Бұл уақытта Ресей Мемлекеттік думасында қазақ депутаттары да өз пікірлерін айта бастаған. Ұлттық баспасөзге деген қажеттілік туындады. Алғашқылардың бірі болып Торғай қазақтары 1907 жылдың басында Троицк қаласында Хайым Шомылов Сасновский, Жетпісбай Андреев, Ешмұхамед Имамбаев басшылығымен «Қазақ газеті» атты газет шығып, бірнеше саны басылған соң тоқтайды. Газетті шығарушылар мен газеттің өзі туралы татар басылымдары ұнамды пікір айтпайды. Ұстанған бағыты мен тұтынған жолының дұрыс еместігін газет бетінде жарияланған жазбалар арқылы сынап жазады. Көп ұзамай, 1907 жылы наурызда Петербург қаласында Ғабдрашид Ибраһимов пен дума депутаты Шәймерден Қосшығұлов жетекшілігімен «Серке» атты 15 күнде бір шығатын газет басылады. Бірнеше саны шыққан соң «Серке» газеті һәм онымен қанаттас татардың «Улфат» газеті де цензурамен жабылып, таратылған сандары полиция тарапынан тәркіленеді. Тек 1911 жылы шыққан қазақтың тұңғыш журналы – «Айқап» пен Ордада шыққан «Қазақстан» газетінің ғұмыры сәл ұзақтау болды. Алайда бәрі де «Қазақ» газеті секілді мақсатына жете алмады.

«Қазақ» газетінің қолдан қолға өтіп, ауылдан ауылға барып, тозып жетіп жыртылғанша оқылғаны жайлы деректер өте көп. Оны сол заманда Дала және Түркістан уалаяттарына немесе 9 облыс және 1 губернияға бөлінген Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жұрт жаздырып алды. Енді «Қазақтың» нақты мақсаты не?» десеңіз, бірнеше себептерді атай аламыз. Қазақтардың 1907 жылғы 3 маусым заңымен жойылған сайлау және сайлану құқығын қалпына келтіру; Келімсектерді қоныстандыру арқылы отарлау саясатына қарсы тұру және тәркіленген жерлерді қазақтарға қайтарып алып, меншікті жері ретінде заңдастыру; «Ауыл мектептеріне қазақ әліппесін енгізу, осы мектептерде балаларды ана тілінде оқыту» және «Болыс кеңселері мен халық соттарында іскағаздарын қазақ тілінде жүргізу» арқылы астыртын және ашық орыстандыру саясатына төтеп беру деп жалғаса береді. Бірақ ең басты екеуі – дала өлкесіне заң жүзінде жергілікті басқару тетігін енгізу һәм дамыту арқылы жаңа қазақ мемлекетінің негізін салуды бастау және ұлттың дәстүрлі негізін сақтай отырып, батыс мәдениетіне ілесу еді. Оны Әлихан Бөкейхан өзінің «Қазақтар» очеркінде атап өткен. Арада ғасырдан да ұзақ уақыт өтті, ал «Қазақ» газеті осы мақсаттарының бәрін жүзеге асыра алды деп санауға болады.

Бүгінде елімізде баспасөз кеңістігі ашық, ақпарат ағыны күшті. Бір Қызылорда облысының өзінде 148 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істеуде. Оның ішінде 119 баспа БАҚ, 26 интернет-сайттар мен ақпараттық агенттіктер, 3 телеарна бар.

1-бет

Фото: Ашық дереккөзден

Кремльге хат

Жақында БАҚ-та Сыр елінің өсіп өркендеуіне елеулі үлес қосқан, жауынгерлік «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері, запастағы милиция подполковнигі, марқұм Досмайыл Нұрбаев ағамыз туралы «Арда туған Досмайыл аға» атты мақалам жарияланды.

Ол 1947 жылы Өзбекстан Республикасы Термез қаласының педагогикалық техникумын аяқтағаннан кейін әуелі Сурхандария облысының Ұзын аудандық комсомол комитетінде еңбек жолын бастап, кейін 1951 жылы Ташкент қаласындағы офицерлер мектебін аяқтайды.

Туған елге, жерге, ағайын-бауыр, туыс-достарға деген сағыныш жас лейтенантты қызметін елде жалғастыруға жетелейді. Бірақ оның жазған баянаттары Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі басшылары тарапынан қолдау таба қоймайды. Кейін «Карлаг» жүйесі атымен бүкіл Кеңес одағына әйгілі болған қарлы, ызғарлы Жезқазған лагеріне оперативтік уәкіл болып тағайындалады.

Қызметі елге ауысты, бірақ Жезқазғанның ауа райы қолайсыз, қатты суық. Жаңадан ашылған далалық лагерьде жазасын өтеушілер түгілі әскери, ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрмыстық жағдай қарастырылмаған. Жазасын өтеушілермен қатар қызметкерлерге де қатаң талап қойылған. Тұтқын қашса, бір-біріне дене жарақатын салса тәртіптік, қылмыстық жауапкершілікке тартыласың. Досмайыл аға қызметін ызғарлы Арқадан шуақты Сырға ауыстыруды жөн көрді.

Мақала жазу үшін оның жеке ісі құжаттары арасындағы жазылғанынына жетпіс жыл болған хатты көріп, мәтінімен таныстым. Бұл 1953 жылдың 20 қазанында КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумы төрағасы К.Ворошиловтың атына он үш жастағы Нұрбаев Бакидің Досмайыл ағасын Қызылордаға ауыстыру туралы оқушы дәптері парағына жазылған хаты екен. Хатта оқушы Ворошиловты туған әкесіне теңеп, әке-шешесі 1952 жылы қайтыс болғаннан кейін, жетім болып, ана мейірімінен, әке қамқорлығынан айрылып, үйсіз-күйсіз алыс туысқандары үйінде тұрып жатқанын жазған. Оған қоса қазақ мектебінің 6-класында оқитынын, ағасы тарапынан материалдық, моральдық көмек көрсетуге мүмкіндік жоқ екенін, өзін әкелік қамқорлыққа алу үшін Жезқазғанда қазақ мектебінің жоқтығын, денсаулығы нашар екенін, сал ауруына шалдыққанын хабарлай келе, мектептегі оқуын үзбеу үшін Досмайыл ағасын Қызылордаға ауыстыруын сұрайды.

Енді осы хаттың хронологиясына тоқталып өтсек. Жеке істе осы хатқа қатысты бірнеше құжаттар бар. Оның біріншісінде «Москва қаласы, Кремль, К.Е.Ворошиловке», астында хат жолдаушы туралы «Қазақ ССР, Қызылорда қаласы, Коммунальная көшесі №29 үй. Нурбаев Баки» деген жазбалар бар. Жоғарыда сол жағында КСРО елтаңбасы, оң жағында Кремль бейнесі көрсетілген почталық марка, оның үстіне «Қызыл-Орда, 2010» деп көрсетілген, мөр басылған, байланыс бөлімшесі туралы деректер көрінбейді.

Айбынды Кремльдің кеңсесіне тіркеліп Ворошилов қарап, КСРО Ішкі істер министрлігі арқылы (тіркелген саны, күні, айы, жылы көрінбейді) түрме басқармасына жолданған құжатқа басылған мөрде «Тюремное управление МВД СССР», Вх.№79/15 14 XI 1953 деп көрсетілген. Мөрдің сол жағында Н-78 деген жазбалар бар. Бұл Нұрбаевтың арызының 78 санмен тіркелгенін білдіреді. Әрі қарай арыз үш күн қаралып, оны 18 қараша 1953 жылы 119 № 34/1/1529 санмен КСРО ІІМ Түрмелер басқармасы бастығының орынбасары И.Денисов Қазақ ССР Қарағанды облысы, Жезқазған қаласында орналасқан 7414 әскери бөлімі командирі Шатиловтің атына жолдаған. «Мерзімді әскери жауынгер Д.Нурбаевты (ол ішкі істер органы қызметкері) Қызылорда облысына ауыстыру туралы інісі, 6-сынып оқушысы Б.Нурбаевтың хаты жолданады» деп көрсетілген. Хатта Д.Нурбаевтың Б.Нурбаевқа ақшалай көмектесуге мүмкіндігі бар болуына байланысты оны құжатпен таныстыру керек екені хабарлана келе, Қызылорда облысына ауыстыруға мүмкіндік жоқ делінген. Ілеспе хат 30.XI 1953 ж. 2596 санмен тіркелген.

1953-1960 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасы лауазымын атқарған К.Ворошилов атына жазылған өтініш хат әуелі Ішкі істер министрлігіне, одан кейін абақтылар басқармасына жолданып, бар болғаны 17 күнде арызданушыға хабарланған. Осындайда қазір біреулердің денсаулығына, жеке өміріне, мүлкіне, достандығына қатысты әртүрлі сатыларға жазылып жататын арыз-шағымдардың өз қызметтік міндеттеріне салғырт қарайтын лауазым иелерінің кесірінен бірнеше айлап сағыздай созылып, уақытылы, сапалы шешілмейтіні қынжылтады.

Маршал Ворошиловқа 6-сынып оқушысы хатты орыс тіліне, сауатты ересек адамның кеңесімен жазатыны түсінікті ғой. Мүгедек баланың жазған хатына Кремльдегілер мен Ішкі істер министрлігіндегілердің жанашырлық танытып, түсіністікпен қарағаны белгілі. Он үш жастағы Бакидің көмегімен елге ауысқан Д.Нұрбаев ағамыз 1954-1968 жылдары облыстық ішкі істер басқармасының Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандық милиция бөлімшелерінде оперативтік уәкіл, аға оперативтік уәкіл қызметтерін атқарды. 1968-1984 жылдар аралығында Қазалы, Жаңақорған аудандық ішкі істер бөлімдері бастығының орынбасары, кейін бастығы болып, 1984 жылы зейнетке шықты.

Ал енді хаттың авторы, жасөспірім Баки ағаның жеке басына оралсақ. Ол 1940 жылы туған, бала кезінен мүгедектігіне қарамастан зерек, сауатты болған, Мәскеудің арнаулы орта оқу орнын аяқтап, елге оралған. Қазіргі Сужиков көшесінде тұрған. Мамандығы бойынша емес, облыс орталығында фотограф болып жұмыс істеп, шамамен 1970-жылдардың ортасында қайтыс болған екен.

Қазір түрме лагерьлерінің қазақ жеріне орналастырылу себебі туралы сұрақтар туындап жатады. Оған себеп лагерь тұрғыны аз, ұлан-ғайыр, ұшы-қиыры жоқ далада орналасуы керек болған. Табиғи ресурстар мен пайдалы қазбалар қорының молдығы да, басқа республикалардан қашықта тұрғаны да әсер етті. Атышулы Берия басқарған, Одақ бойынша құрамына 64 ірі филиалы, 500-ден аса еңбекпен түзеу колониясы, 770 өндіріс колониясы, 414 совхоз кірген, «мемлекет ішіндегі мемлекет» атанған, КСРО Халық комиссиаратының (НКВД) арнайы бөліміне қарасты еңбекпен түзеу лагерьлері Бас басқармасы жүйесіне (ГУЛАГ) қарасты Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің (Карлаг) Жезқазған еңбекпен түзеу лагері. Бұл лагерьлер 1930 жылдың 12 желтоқсанында Қарағанды мен Жезқазғанда кен орындары, көмір бассейндері, Жезқазған, Балқаш мыс балқыту комбинаттары құрылуына байланысты Сталинның пәрменімен ашылған болатын. Тегін жұмыс қолы қажет еді, сондықтан да Кеңес одағының түкпір-түкпірінен жазасын өтеп жатқандар мен қарапайым адамдар, әйелдер мен балалар, арнайы контингент, неміс, корей, шешен, т.б. ұлттар өкілдері болды. Оларды күзетуге әскерилер мен ішкі істер органдары тартылған.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,
заңгер-журналист, полковник,
Ақпарат саласының үздігі

ЕҢБЕК АДАМЫ

АДАЛ ЕҢБЕК АБЫРОЙҒА БӨЛЕЙДІ

Ол бозбала шағынан шаруашылық жұмысында. Осы аралықта майталман механизатор ретінде көпшілікке танылды. Техника ақауын дауысынан танып, аңғаратын кәнігі жүргізуші. Ала жаздай дала төсін дүбірге бөлеп, аптап ыстыққа қарамастан егістік басынан табылады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Төлеубек Әбілдаев Сырдария ауданына қарасты «Бесарық» шаруашылығында 35 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Егін өсіріп, оны күзде жинау деген жауапкершілігі зор жұмыстың басы-қасында. Көктемде алқапқа күріш сеуіп, содан күзде шашау шығармай жинап алғанша дамылсыз күндерді далада өткізеді.

Жұбайы Күлсара Көрпебаева да – осы шаруашылықта аспаз. Ауыл шаруашылығында ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан әйелдердің жұмысы оңай емес.

– Отағасы екеуміз шаруашылық жұмысына бірге барып, бірге қайтамыз. Аспаз болғаныма көп жылдар өтті. Жалпы далада әзірленген астың дәмі ерекше. Жай күндері 30-40 адамға тамақ пісірсем, егін науқаны кезінде одан екі есе көбейеді, – дейді ол.

Осы аралықта түрлі мерекелерде басшылық тарапынан марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Бұл – адал еңбекке елдің ықыласы.

Төлеубектің айтуынша, қазір шаруашылық алдағы маусымға дайындық үстінде. Иә, «бір жылдығын ойлаған дән егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған ұрпағына білім нәрін егеді» деген даналық сөз бекер айтылмаса керек-ті. Еңбек адамы – қашанда елдің құты. Кез келген істе төккен тер өтеусіз қалмайды. Өйткені адал еңбек ешқашан құндылығын жоймайды.

Ел ырысын еселеуде ауыл еңбеккерлері қарап қалмайды. Төлеубек пен Күлсара сөзімен де, ісімен де өскелең ұрпаққа үлгі болып келеді.

QazaqGPT–дің АЛҒАШҚЫ ПРОТОТИПІ

Сыр топырағында жасалды

Жасанды интеллект сөзін алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде өткен конференцияда Джон Маккарти қолданған. Ол өзінің анықтамасын түсіндіру барысында «Әзірше біз бүтіндей қандай есептеуіш процедураларды интеллектуалды деп айта алатынымызды білмейміз. Сол себепті интеллект сөзін әлемде мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістердің есептеуіш бөлігі деп қана түсініп жүрміз» деген еді.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Бүгінде мұндай жаңашыл жобаларды өмірге енгізіп жатқан жастарымыз бар. Мәселен, қызылордалық жас өнертапқыш Асылжан Абдуллаев жасанды интеллектіні қазақ тілінде сөйлетті. Сырдария ауданында дүниеге келген жас өнертапқышқа 3 университет грант ұсынып отыр.

– Қазірге дейін бұл бағытта ағылшын және орыс тілінде жасалған жасанды интеллект базасы өте бай. Өкініштісі, олардың арасынан қазақшасын табу қиын. Бұл жобаға қызығушылығым ерекше болды. Талаптанып IT бағыттағы бірнеше байқауға қатыстым. Өзім қатарлы жастардың жобасының артықшылығы мен кемшілігін саралап шықтым. Идеяны әрі қарай дамытқым келді. Осылайша QazaqGPT-дің алғашқы прототипі пайда болды. Бұл жоба әркімге әртүрлі пайда әкеледі. Оны қолдана білу қажет. Артықшылығы, американдық прототиптерге қарағанда 50 миллиардқа ауқымды. Қазірдің өзінде 2000-нан астам адам аталған ботты Telegram арқылы пайдаланып көрді, – дейді Асылжан.

Жасанды интеллект сурет салып, сөйлей де алады. Егер қаласаңыз ғылыми жоба жасайды. Ол адамдардың өмірін жеңілдетіп, одан әрі функционалды етеді. Оқушылар да, студенттер де өзіне керек ақпаратты қазақ тілінде алуына мүмкіндігі бар. Жас өнертапқыш алдағы екі айда бағдарламаның мобильді қосымшасын жасап шығару ойда бар екенін айтады.

– Жобаны Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин көріп шықты. Оны студент емес, мектеп оқушысы жасағанына таңғалды және жылы сөздер айтты. Мен үшін бұл – үлкен мотивация. Сондай-ақ мен «Enactus» халықаралық ұйымының арқасында Рэндалл Бруинс атты американдық ғалым әрі осы ұйымның стратегиялық кеңесшісімен жүздестім. Бұл кездесуден керемет әсер алдым. Ол болашақта АҚШ-қа келуге ұсыныс білдірді. Жобамды қуана қабылдап, жоғары бағасын берді. Жақында жасанды интеллект бойынша АҚШ-та өтетін байқауға өтінім қалдырған едім. Іріктеуден өтіп, жартылай финалға жолдама алдым. Айта кетсем, IT саласында ешқандай шекара жоқ. Ауылда отырып та, өзің қалаған жобаны іске асыра аласың. Әрине, байқауларға қатысу мені шыңдады. Бұл салада ұстаз ретінде ақылын айтып, ағамдай болып кеткен Нұрлан Құлмырзаев, Сәбит Ибадулла, Темірлан Әбжанов сынды азаматтарға рахмет айтамын. Олардан әлі де үйренерім көп.

Бүгінде Асылжан тағы 6 жобаны аяқтады. Енді экология бағытында жұмыс жасауды көздеп отыр. Бұл жобаны жасап жатқан команда мүшелері Франция астанасы Париж қаласында өткен байқаудан алтын медаль алып келді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

07.02.2024 жылы сағ:11.00-де Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханада Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалы алқасының және өңірдегі одақ мүшелерінің жалпы жиналысы өткізілетіні хабарланады.

Жалпы жиналыстың күн тәртібі:

1. Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасын бекіту.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23133 | Тапсырыс №175 | Кезекші редактор **Аружан ЕРАЛЫ**